

## 2014 жылғы жазғы кезеңде

### Жамбыл облысындағы балалар мен жасөспірімдердің жазғы демалысын, сауықтырылуын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру туралы ақпарат

Жамбыл облысы әкімінің 17 мамыр 2013 жылғы № 123-ө «2013-2015 жылдарға арналған жазғы каникул кезеңінде балалардың демалысын, сауықтырылуын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру туралы» өкімін және 2014 жылғы 22 мамырда өткен облыстық аппараттық кеңестің №4 хаттамасының 2-ші тармағында берілген тапсырманы орындау мақсатында білім беру ұйымдары бірқатар жұмыстар жүргізді.

Биылғы 2014 жылы 1-10 сыныптарда оқитын 174804 оқушының барлығын, яғни **100%**-ын жазғы сауықтыру және демалыс шараларымен, еңбекпен қамту жоспарланған болатын. Оның 147026-ін, 84,1%-ын жазғы сауықтыру мен демалыс шараларымен, 15,9%-ын еңбекпен қамту жоспарланған болатын (өткен жылы 83%).

2014 жылғы жаз айларында мектеп жанындағы тамақтануды ұйымдастыратын 355 (2013ж.-350) демалыс алаңдарында **37402** оқушы қамтылса, тамақсыз 410 (2013-402) мектеп жанындағы демалыс алаңдарында 45680 оқушының **46771**-і демалу мен сауықтыру шараларымен қамтылды. Оның ішінде көп балалы, аз қамтамасыз етілген жанұялардың 22145 баласы, ішкі істер бөлімдерінде есепте тұрған 261 оқушы, мектепшілік есепке алынған 357 оқушы, жайсыз отбасылардың 348 баласы жазғы демалыспен қамтылды.

Сол сияқты, мектептерде қазақ, ағылшын тілдерін оқып үйрену, экологиялық, спорттық, өнер бағыттары бойынша 386 үйірме жұмыс істеп, оған **5156** оқушы қатысты. Ал аула клубтарында, мектеп жанындағы көгалдандыру, көгеріштендіру жұмыстарына және экскурсиямен **11132** оқушы қамтылды. Сонымен қатар, ағымдағы жылдың 16,18,21 маусым күндері облыстық «Жас Ұлан» біріңғай балалар ұйымының жазғы белсенділер мектебі «Жұрындысай», «Кооператор» сауықтыру лагерьлеріне және «Тау Самалы» сауықтыру кешенінде 540 балаға арналған оқыту-жаттығулары мен ойын-тренингтерін өткізді.

Сауықтыру лагерьлерінде демалыспен қамтылған балалар арасында Төтенше жағдайлар департаментінің мамандарымен бірге «Қауіпсіз жаз» атты біріккен жоспар негізінде 18, 26, 27 маусым күндері суда төтенше жағдайлардың алдын алу шаралары бойынша балалармен жаттықтығулар жүргізілді.

Республикалық «Дарын» ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен ағымдағы жылдың 2-29 маусым аралығында Алматы қаласында 8 сынып оқушыларына арналған «Зияткерлік» бейіндік ауысымында облысымыздың **17** оқушысы және Астана қаласындағы Назарбаев Университетінің базасында физика пәнінен, Алматы қаласындағы әл Фараби атындағы қазақ ұлттық университетінің базасында химия, биология пәндерінен, Қазақстан-Британ техникалық университеттің базасында информатика пәнінен дайындық жаттығу жұмыстарымен әрі

демалыспен **9** оқушы, сондай-ақ, а.ж. 2-13 маусым аралығында Минск қаласындағы Белорусия мемлекеттік университетінің базасында биология пәнінен халықаралық оқушылардың олимпиадалық резервін дайындау бағытындағы оқу-жаттықтыру жиынына облыс бойынша **5** оқушы қамтылды.

Сонымен қатар, облыстық спорт басқармасынан алған мәліметтер бойынша маусым айында 42 оқу-жаттықтыру жиынына **480** оқушы, 6 халықаралық әлем чемпионатына **29** оқушы қатысты.

Сол сияқты, «Рауан» сауықтыру лагерінің базасында «Inter-Press» қоғамдық бірлестіктің ұйымдаруымен ағылшын тілін үйренуге арналған халықаралық мектебінде ата-аналары есебінен **210** оқушы дайындық, әрі демалу мүмкіндігіне ие болса, «Амангелді Газ» ЖШС-нің кәсіподақ ұйымы қызметкерлерінің **66** баласын Алматы облысында орналасқан «Тау Жанашар» сауықтыру лагерінде демалуға ықпал жасады.

Жамбыл облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық дамыту басқармасымен бірге а.ж. 13-15 маусым аралығында **150** жоғарғы сынып оқушыларынан құралған топ «**Менің Отаным-Қазақстан!**» атты 3 күндік туристік экспедицияға қатысты. Олар Қырғыз тау жотасындағы Қара-Арша, Қошқар-Ата шатқалдары мен Қошқар-Ата таулы асулар бағыттары бойынша жүріп өтті.

«Отанымыздың елордасы - Астанамен танысамыз» атты өлкетану бағдарламасы бойынша 2014 жылдың 21-26 маусым аралығында Т.Рысқұлов ауданының **21** оқушысы аудандық білім қызметкерлерінің кәсіподақ комитетінің және ата-аналардың, 17-21 шілде аралығында Жуалы (32), Қордай (32) аудандарының көп балалы, аз қамтамасыз етілген жанұяларының (9-13 жас аралығындағы) **64** баласы облыстық кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық дамыту басқармасының демеушілігімен Астана қаласына сапарға шықты.

Жаз айларында қала сыртында орналасқан 9 сауықтыру лагерьлерінде (Тараз қаласында «Болашақ», «Рауан», Қордай ауданында «Балауса», Т.Рысқұлов ауданында Ә.Молдағұлова атындағы, Талас ауданындағы «Жұрындысай» мемлекеттік лагерьлер және Байзақ ауданында «Кооператор», «Бәйтерек», Сарысу ауданында «Жұлдыз», Жуалы ауданында «Тау Самалы», мемлекеттік емес лагерьлер) көп балалы, аз қамтамасыз етілген жанұялардың 7843 баласы тегін, 314 демеушілер есебінен сауықтырылды. Оның ішінде Қ.Сарымолдаев атындағы балалар үйінің 136, В.Савва атындағы мектеп-интернатының жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 69 баласы Байзақ ауданындағы мемлекеттік емес «Бәйтерек» балалар сауықтыру орталығында демалды.

Шу ауданында балалардың жазғы демалысы Тасөткел ауылындағы С.Мұқанов атындағы мектептің ыңғайластырылған базасында 980 бала қамтылды. Осы мектептің аумағынан әскери-спорттық бағыттардағы шатырлы лагерьде 65 бала демалды. Бұдан бөлек, Шу ауданының көп балалы, аз қамтамасыз етілген жанұялардың 100 баласы Қордай ауданындағы «Балауса» сауықтыру лагеріне, 25 бала Алматы облысына демалуға жіберілді.

Сонымен қатар, Ақмола облысында орналасқан «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығында **108** оқушы, Алматы

қаласындағы «Бөбек» оқу-сауықтыру орталығында **30** бала сауықтыру шараларымен қамтылды.

Облыс көлемінде ұйымдастырылған балалардың жазғы демалысы мен сауықтырылу шаралары бойынша ақпараттар бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланып отырды.

Қорыта келгенде, **жаз айларында оқушылардың 76,7%-ы** демалыспен, сауықтырылумен және **18,2%** бос уақыты тиімді ұйымдастыру шараларымен қамтылып, барлық көрсеткіш **94,9%-ды құрайды.**